

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ЗАМАНАУИ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
27 мамыр 2022 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«УСТОЙЧИВОСТЬ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМ В УСЛОВИЯХ  
ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ СОВРЕМЕННОСТИ»**  
27 мая 2022 г.

**PROCEEDINGS**  
International scientific and practical conference  
**«SUSTAINABILITY OF ECONOMIC SYSTEMS UNDER CONDITIONS OF  
MODERN GLOBAL CHALLENGES»**  
27 May 2022

Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Нур-Султан, Казахстан  
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 330  
ББК 32  
3-21

**Редакционная коллегия:**

Заведующая кафедрой «Туризм» к.э.н., профессор Муталиева Л.М.  
Ответственная за НИР кафедры «Туризм» к.э.н., ассоциированный профессор Мусина К.П.  
К.э.н., доцент кафедры «Туризм» Акишева А.С.

**3-21**      **Заманауи жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы экономикалық жүйелердің тұрақтылығы:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022.

**Устойчивость экономических систем в условиях глобальных вызовов современности:** Сб. трудов межд. научно-практической конф. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**Sustainability of economic systems under conditions of modern global challenges**» Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2022.

**ISBN 978-601-337-680-6**

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбек жинағында Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі жаһандық сын-қатерлер жағдайында экономикалық жүйелердің орнықтылығын қамтамасыз етудің өзекті аспектілері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные аспекты обеспечения устойчивости экономических систем в условиях глобальных вызовов в Республике Казахстан и за рубежом.

The proceedings of the international scientific and practical conference consider topical aspects of ensuring the sustainability of economic systems in the face of global challenges in the Republic of Kazakhstan and abroad.

**УДК 330  
ББК 32  
3-21**

**ISBN 978-601-337-680-6**    © Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022  
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

Конференция Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ресей халықтар достығы университетінің Қонақ үй және туризм Институты, Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университеті, Ташкент Мемлекеттік Экономикалық университеті, М. Рысқұлбеков атындағы Қырғыз экономикалық университеті және Бұқара Мемлекеттік Университеттерімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Конференция организована Евразийским национальным университетом им. Л.Н. Гумилева совместно с Институтом гостиничного бизнеса и туризма РУДН, Батумским государственным университетом имени Шота Руставели, Ташкентским Государственным Экономическим университетом, Кыргызским экономическим университетом им. М. Рысқұлбекова, Бухарским Государственным Университетом.

The conference was organized by L.N. Gumilyov Eurasian National University together with the Institute of Hotel Business and Tourism of the Peoples' Friendship University of Russia, Batumi Shota Rustaveli State University, Tashkent State Economic University, Kyrgyz Economic University named after Musa Ryskulbekov, Bukhara State University.

*Материалы публикуются в авторской редакции. Редакционная коллегия не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.*

11. Trabucco, M.; De Giovanni, P. Achieving Resilience and Business Sustainability during COVID-19: The Role of Lean Supply Chain Practices and Digitalization. *Sustainability* 2021, 13, 12369.
12. Zahra, S.A.; Sapienza, H.J.; Davidsson, P. Entrepreneurship and Dynamic Capabilities: A Review, Model and Research Agenda\*. *J. Manag. Stud.* 2006, 43, 917–955
13. Gaffar, V.; Tjahjono, B.; Abdullah, T.; Sukmayadi, V. Like, tag and share: Bolstering social media marketing to improve intention to visit a nature-based tourism destination. *Tour. Rev.* 2021
14. Yuliari, G., Riyadi, B., & Perdana, P. (2020). DEVELOPMENT OF GASTRONOMIC TOURISM AS A TOURIST ATTRACTION DURING THE COVID-19 PANDEMIC IN THE EX-SURAKARTA RESIDENCY. *PalArch's Journal of Archaeology of Egypt/Egyptology*, 17(8), 768-778.
15. Diaconescu, D. M., Moraru, R., & Stănciulescu, G. (2016). Considerations on gastronomic tourism as a component of sustainable local development. *Amfiteatru Economic Journal*, 18(Special Issue No. 10), 999-1014.
16. Allen, T.G., Gabe, M.T. and McConnon, C.J., 2006. *The economic contribution of agri-tourism to the Maine economy*. Maine: Department of Resource Economics and Policy, University of Maine.
17. Polukhina A., Sheresheva M., Efremova M., Suranova O., Agalakova O., Antonov-Ovseenko A. The concept of sustainable rural tourism development in the face of COVID-19 crisis: evidence from Russia. *Journal of Risk and Financial Management*. 2021, vol. 14 (1), pp. 38, DOI: 10.3390/jrfm14010038.
18. Сарафанова, А. Г., & Сарафанов, А. А. (2021). ВЛИЯНИЕ COVID-19 НА АГРОТУРИЗМ В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ. *Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского. География. Геология*, 7(3), 108-119.

## ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТУРИЗМ АЙМАҚТЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

*Тәжен А.Н.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: aidanatazhen11@gmail.com

Қазіргі таңда этномәдени мұраны және халықтардың, этникалық топтар мен тайпалық бірлестіктердің алуан түрлілігін сақтау мәселесі өте өзекті. Жаһандану үрдістері, ғылыми-техникалық даму, ақпараттық жүктемелердің өсуі халықтардың интеграциясына ықпал етеді, бұл өз кезегінде олардың төл мәдениетіне қауіп төндіреді. Әлемдегі әртүрліліктің азаюы жағдайында этнографиялық туризм келешегі зор салалардың біріне айналып келеді.

Ғылыми әдебиеттерде белсенді талқыланатын туризмнің бұл түрінің мәні әртүрлі ұғымдармен сипатталады, атап айтқанда: этнографиялық, этникалық, этномәдени, этноэкологиялық, фольклорлық-этнографиялық, аборигендік және т.б. Алғашқы екі термин кейбір жағдайларда синоним ретінде қарастырылады. Ресей әдебиеттерінде «этнографиялық туризм» термині кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, көптеген зерттеушілер оны мәдени-танымдық туризмнің бір түрі ретінде анықтайды, оның негізгі мақсаты халықтың, этностың мәдениетімен, сәулетімен, тұрмысымен және дәстүрімен танысу үшін этнографиялық нысанға бару болып табылады [1].

Этнографиялық туризмнің міндеті – адамдардың мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл міндетті орындауда «мұра» басты рөл атқарады. Тұрақты дамудың басты қағидасы әлемдік мұраны сақтау және қорғау болғандықтан, туризмнің этнографиялық түрі осы қағиданы сақтаудың маңызды факторына айналады.

Мұра – елдің рухани материалдық әлеуеті [2]. Кез келген халықтың мәдени мұрасы тек суретшілердің, сәулетшілердің, музыканттардың, жазушылардың, ғалымдардың еңбектерінен ғана емес, сонымен қатар, материалдық емес құндылықтардан, оның ішінде халық ауыз әдебиеті, халықтық дәстүрлер, мерекелер, діни жоралғылар және т.б. тұрады. Аймақтық дамуда мұра 2 негізгі функцияны орындайды:

1. Танымдық-ағартушылық (ұлттық менталитет қалыптастыру, халықтың өзіндік санасын сақтау, өзінің шағын отанына деген патриоттық сезімдерін тәрбиелеу)

2. Экономикалық (аймақтарды дамыту, жұмыс орындарын құру, экологиялық проблемаларды шешуге үлес қосу, мұра нысандарының өзін-өзі сақтауын қолдау).

Мәдени әртүрлілікті сақтаудағы материалдық емес мұраның маңыздылығын түсіне отырып, ЮНЕСКО «Адамзаттың ауызша және материалдық емес мұраларының жауһарлары» жобасын жүзеге асыруда[3]. Оған сәйкес, дәстүрлі мәдениеттің, материалдық емес мұраның өміршең құбылыстары халықаралық маңызы бар объектілер ретінде қарастырылады және арнайы тізімдерде тіркеледі.

Осылайша, этнографиялық туризм әлемдік мәдени алуан түрлілікті сақтауға үлкен үлес қосады, мәдени объектілерді, оның ішінде материалдық және материалдық емес құндылықтарды зерттеуге, сақтауға, оларды бүгінгі және келер ұрпаққа таныстыруға сеп болады. Этнографиялық туризмнің мұндай ерекшелігі туризмнің тұрақты даму қағидаттарына сай келеді. Ол байланысты келесі суреттен көруге болады (сурет 1).



Сурет 1. Этнографиялық туризм мен тұрақты даму қағидаттарының байланысы

Ескерту - автор [1,4] дереккөздер негізінде жасаған

«Туризмді тұрақты дамыту тұжырымдамасына» сәйкес тұрақтылық қағидаттары қоршаған ортаны қорғауға, экономикалық және әлеуметтік-мәдени аспектілерге қатысты [4]. Туризмнің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін осы үш аспектінің арасында тиісті тепе-теңдік сақталуы керек. Сондықтан тұрақты туризм:

- 1) экологиялық ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз етуі;
- 2) мәдени мұраны және дәстүрлі әдет-ғұрыптарды сақтай отырып, қабылдаушы қауымдастықтың бірегей әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін құрметтеуі;
- 3) ұзақ мерзімді экономикалық процестердің өміршеңдігін қамтамасыз етуі қажет.

Бұл ретте аталмыш тұжырымдаманың талаптарын толыққанды орындайтын этнографиялық туризмнің қызметтерін анықтауға тырыстық (кесте 1).

Кесте 1 - Этнографиялық туризмнің аймақты тұрақты дамытудағы қызметі

«Туризмді тұрақты дамыту тұжырымдамасының» аспектілері	Этнографиялық туризмнің аймақты тұрақты дамытудағы қызметі
Әлеуметтік	туристердің этномәдениетке деген қызығушылығы жергілікті халықтың әлеуметтік-мәдени ерекшелігін құрметтеуге итермелейді

	жаһандану жағдайында этнотурлар әлемдік мәдени мұраны және түрлі халықтардың дәстүрлі әдет-ғұрпын сақтауға септігін тигізеді
	өзге ұлттардың мәдениетімен танысу арқылы халықтар түсіністігі және толеранттылығы дамиды
Экономикалық	материалдық және материалдық емес мәдени мұралар көмегімен шикізатқа тәуелсіз қызмет саласы дамып, ұзақ мерзімді экономикалық процестердің өміршеңдігі қамтамасыз етіледі
	мұражайларға, театрларға және басқа да мәдени нысандарға қаржылық қолдау көрсетіліп, барлық мүдделі топтар пайда көреді
	халықтың мәдени мұрасын жылжыту арқылы дамушы және экономикалық тұрғыда артта қалған мемлекеттерде әлеуметтік жағдайды көтеруге, кедейлікті азайтуға мүмкіндік туады
Экологиялық	этнографиялық мұралар көбіне ашық аспан астында немесе тарихи объектілерде болғандықтан, қоршаған орта ресурстарын оңтайлы пайдалануға мүмкіндік зор
	табиғи ресурстар да халықтың мәдени мұрасының бір көрінісі; этноауылдар, табиғатпен, жан-жануарлармен байланысты шаруашылық түрлері, көшпенділер мәдениетінің элементтері сияқты этнографиялық объектілер туризмді қоршаған ортаға зиян келтірмей ұйымдастыруға мүмкіндік береді
Ескерту - кесте [4] дереккөз негізінде құрылды	

Еліміздегі этнографиялық туризмді дамытуға мүмкіндігі зор аймақтардың бірі – Түркістан облысы. Ежелгі өркениеттердің қиылысында орналасқан және тарихи-мәдени объектілерге толы бұл аймақ күллі түркі әлемінің рухани астанасы атануды көздейді. Аталмыш өңірдегі этнографиялық туризм әлеуетін мұражайлар, тарихи-мәдени ескерткіштер және көркемөнерпаздар шығармашылығы ұжымдарының саны арқылы бағалауға болады (кесте 2).

Кесте 2 - Түркістан облысындағы этнографиялық туризм әлеуеті (2019-2021 жж.)

Нысан/жыл	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Мұражайлар саны	27	27	27
Тарих және мәдениет ескерткіштер саны	358	358	391
Көркемөнерпаздар шығармашылығы ұжымдарының жалпы саны	869	869	855
Ескерту - кесте [5] дереккөздер негізінде құрылды			

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, мұражайлар саны 2019-2021 жылдар аралығында өзгеріссіз қалған болса, тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны 2021 жылы 9 %-ға өскен [5]. Бұл жаңа объектілердің ашылуы, олардың туристік

аттракция ретінде есепке алынуына байланысты. Мұндай жағдай өз кезегінде мәдени мұраларды зерттеуге және сақтауға, оларды жылжытудан экономикалық пайда көруге және келер ұрпаққа аманат етіп жеткізуге септігін тигізеді. 2021 жылы облыста көркемөнерпаздар шығармашылығы ұжымдарының саны керісінше, төмендегенін байқаймыз. Бұл ұлттық өнерімізді сақтап, дәріптейтін тұлғалардың азайып жатқандығының көрсеткіші.

Облыстағы этнографиялық туризмнің тұрақты дамуы біршама факторларға байланысты. Оларға мемлекет тарапынан жағдай жасау, жергілікті халыққа туризмнің әсері, ресурстарды тиімді пайдалану деңгейі сияқты факторларды жатқыза аламыз. Түркістан облысының аталмыш туризм түрін тұрақты дамыту әлеуетін анықтау үшін біз SWOT – талдауға жүгіндік (кесте 3).

Кесте 3 – Түркістан облысындағы этнографиялық туризмнің тұрақты дамуына SWOT – талдау

<p style="text-align: center;"><u>Күшті жақтары</u></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Этникалық туризмді дамытуға қолайлы ұлттық дәстүр, салт, тұрмыс, сана сақталған аймақ</li> <li>2. Бай мәдени және тарихи мұраның болуы</li> <li>3. Облыста ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Отырар мен Сауран ежелгі қалалары, Арыстан баб кесенесі орналасқан</li> <li>4. Түркістан қаласының инфрақұрылымы жылдан-жылға көркейе түсуде</li> </ol>	<p style="text-align: center;"><u>Әлсіз жақтары</u></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көрсетілетін қызметтер сапасының жоғары деңгейде болмауы</li> <li>2. Туристік ресурстардың потенциалы аса зор, бірақ жергілікті халықтың табысына әсері әлсіз</li> <li>3. Облыстағы туристік объектілерде туристердің ағыны, оларды өткізу қабілеті есепке алынбайды</li> <li>4. Қаржылық құйылымдардың тиімсіздігі</li> </ol>
<p style="text-align: center;"><u>Мүмкіндіктер</u></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансконтинентальды дәлізінің болуы</li> <li>2. Ұлы Жібек Жолы бойында орналасуы</li> <li>3. Өзбекстан мемлекетімен шектесіп жатқандықтан, туристік трансаймақтық серіктестік мүмкіндігі бар</li> <li>4. Түркістан қаласының «Түркі әлемінің астанасы» атағына ие болуы</li> </ol>	<p style="text-align: center;"><u>Қауіптер</u></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Басқа өңірлермен этнографиялық туризмді дамытуда бәсекеге төтеп бере алмау</li> <li>2. Ұлттық ерекшеліктің жойылуы</li> <li>3. Тұрақты даму бойынша облыстық деңгейде қажетті реттеудің болмауы</li> <li>4. Облыстағы мұралардың ретсіз қолдану және жойылу қаупі</li> </ol>
<p>Ескерту – кесте автормен құрастырылды</p>	

Қорыта айтқанда, аймақты тұрақты дамыту - ғылымда белсенді талқыланып келе жатқан өзекті мәселелердің бірі. Тұрақты дамудың жалпы қағидаттарын және туризмді тұрақты дамыту тұжырымдамасын іске асыруда этнографиялық туризмнің маңызы аса зор. Этнографиялық туризм халықтар мәдениетінің әртүрлілігін сақтап қана қоймай, аймаққа экономикалық, экологиялық артықшылықтарды да беретін қызмет түрі. Этнографиялық туризм материалдық және материалдық емес құндылықтарды зерттеуге, сақтауға, оларды бүгінгі ұрпаққа таныстыруға сеп болады. Бұл, өз кезегінде, тұрақты дамудың әлемдік мұраны қорғау және келешек ұрпаққа аманат етіп жеткізу қағидасына келіп саяды. Сондықтан этнографиялық туризм аймақты тұрақты

дамытудағы маңызды рөл атқаратын факторлардың бірі екендігін сеніммен айта аламыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Максанова Л.Б., Хандажапова Л.М., Еремко З.С., Развитие этнографического туризма в России: анализ региональных проектов // Вестник БГУ. Экономика и менеджмент. 2020. №1. С.20-28
2. «Концепция культурной политики Республики Казахстан» [Электронды ресурс] // Ресми портал – Қосылу тәртібі: <https://adilet.zan.kz>
3. Афанасьев О.Е. Шедевры устного и нематериального культурного наследия человечества: роль и функции в туризме // Современные проблемы сервиса и туризма. 2016. №3. С.7-17
4. «Концепция устойчивого развития туризма» [Электронды ресурс] // Қосылу тәртібі: <https://www.unwto.org/sustainable-development>
5. Ұлттық статистика Бюросының ресми ақпараты [Электронды ресурс] // Ресми портал – Қосылу тәртібі: <https://stat.gov.kz>

### **АНАЛИЗ ПОКАЗАТЕЛЕЙ РАЗВИТИЯ КОНКУРЕНТНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТОЛИЦЫ В РАМКАХ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ЕГО ПРИОРИТЕТНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ В СФЕРЕ ТУРИЗМА**

*Тайпакова Баяна Муслимовна*

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан  
E-mail: bayana81@mail.ru

Нур-Султан - столица независимого Казахстана. Это молодой, современный, комфортный и динамичный город, в котором каждый человек чувствует гостеприимность и радушие столицы.

Устойчивый экономический рост и улучшение социального положения в стране, а также высокая мотивация национального бизнеса к деятельности на рынке столицы создают условия для интенсификации развития города и укрепления его статуса в качестве политического, делового, культурного, и в частности туристского центра Республики Казахстан.

Автором проделан анализ показателей конкурентного потенциала на примере города Нур-Султан в целях определения приоритетных направлений туризма столицы. Одним из важных показателей развития туризма является валовая добавленная стоимость (далее - ВДС).

Согласно системе статистики туризма и вспомогательному счету туризма, разработанных Всемирной туристской организацией (ЮНВТО) валовая добавленная стоимость — это количественный показатель, относящийся к процессу производства в целом, то есть к комбинации затрат, средств производства, труда и технологий, используемых в целях получения одного или